

П.Б. Сейітқазы
М.А. Тавасаров

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: perizatbs@mail.ru, mako85_85@mail.ru)

Болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін жетілдірудегі медиабілімнің әлеуеті

Аңдатпа. Болашақ әлеуметтік педагогті дайындау үдерісі жан-жақты мазмұндық және процессуалдық мәселелерді шешуді көздейді. Жаңа мазмұндағы педагог кадрларын дайындаудың мемлекеттік стандарттарына сай дайындалған мамандықтардың білім беру бағдарламалары, болашақ әлеуметтік педагогтің өз саласында жоғары іскерлікке ие болуын көздейді. Осыған сәйкес, медиабілім үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтің мазмұндық дайындығын нәтижелі деңгейде жүргізуге гностикалық іскерлігін жетілдіру қажеттілігі туындауда. Болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде дамуы және кәсіби жетілуі үшін жағдайлар жасау ескерілуі қажет, медиабілім жағдайында болашақ маманның гностикалық іскерлігін жетілдіруде жаңа парадигмалық тәсілдер мен әдістер кеңінен қарастырылуы шарт. Оның ішінде тұлғаның және жалпы қоғамның белгілі бір даму деңгейіне қол жеткізетін медиабілім берудің жаңа мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше назар аударылуы қажет. Демек, болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметінде гностикалық іскерліктерді медиабілім беру әлеуетінде пайдалану қажеттілігі бар. Бұл мақалада болашақ әлеуметтік педагог қызметінің ерекшелігіне байланысты медиа контекстегі гностикалық іскерліктердің маңызды компоненттері мен медиабілім әлеуетінің мазмұндық сипаттамасы беріледі. Медиа әлемі пайдаланушыларға медиа кеңістікке белсенді қатысу үшін шексіз мүмкіндіктер береді.

Түйін сөздер: медиабілім, гностикалық іскерліктер, медиабілім әлеуеті, болашақ әлеуметтік педагог.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-566-574>

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты: цифрлық технологияларды пайдалану арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және болашақтың экономикасын құруды қамтамасыз ету болып табылатындығы көрсетілген. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы еліміздегі білім беру

саласына ықпал етіп, адами капиталдың сапасын арттыру бағытындағы жоғары білімді кәсіби мамандар даярлау жүйесінде цифрлық сауаттылықты арттыруға жаңа талаптар қойып отыр[1]. Қоғамдағы өзгерістер рухани-дамгершілік құндылықтар, іскерлікке бағдарланған білім беру, білімнің сапасын арттыру, мәдени құндылықтарды дарыту - әлеуметтік педагог деңгейіне жаңа талаптар қойып, педагог дайындау мәселесін шешуде медиа-

білімнің қажеттілігін көрсетіп отыр. Әсіресе, болашақ әлеуметтік педагог тұлғасын қалыптастыруда медиабілім беруді пайдалануды жоғары кәсіби мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттілігі байқалуда. Білім саласының әлеуметтік рөлі де ерекше мәнге ие болуда: оның бағыттылығы мен тиімділігіне сәйкес адамның даму перспективалары да өзгеріп отырады. Яғни адамның коммуникациялық әлеуметтік мәдени кеңістікке енуіндегі ең негізгі факторлардың бірі оның білімділік деңгейіне байланысты болады. Демек, жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандарды даярлауға арналған әлеуметтік тапсырыс пен заманауи білім беру парадигмасы негізінде, «медиа» және ақпараттық кеңістіктің өзгеруі жағдайында педагогикалық қызметін тиімді ұйымдастыра алатын және оның нәтижелерін бағалай алатын болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін медиабілім әлеуетінде қарастыру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Медиабілім үдерісінде болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерлігін жетілдіруді теориялық тұрғыда негіздеу және оны оқыту жүйесінде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру қажет. Гностикалық іскерлікті медиабілім үдерісінде жетілдірудің шарттары мен практикалық негізі іскерліктерге қойылатын талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз ету. Педагогикалық міндеттерді шешуде әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істей білу: ақпаратты алу, өңдеу және пайдалану, жаңа ақпараттық технологиялармен, сөзбен жұмыс істей білу, ақпаратты, әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік мәдениетті меңгеру.

Болашақ әлеуметтік педагогтің әдістемелік даярлығын медиабілім үдерісінде гностикалық іскерлігін жетілдіруге бағытталған оқыту үдерісін жобалауға, құрылымдауға және түрлендіріп жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, кәсіби тұрғыдан жетілдірілген, шығармашылық әлеуетке ие жаңа мазмұндағы әлеуметтік педагог кадрларын әдістемелік

дайындаудың жүйесін қарастыру. Медиа білім беру үдерісінде гностикалық іскерліктерді жетілдіру ақыл-ой еңбегімен байланысты үдерістерді жүзеге асыруды қажет етеді. Сондықтан гностикалық іскерліктің шынайы және үздіксіз даму үстіндегі практиканың қажеттілігін біліп қана қоймай, түрлі ғылыми теориялық ұсыныстарды практиканың қажеттілігімен ұштастыра білетін ақпаратты өңдеу мәдениетін жетілдіру.

Тарихы

Медиабілім дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Философиялық тұрғыда медиабілім мәдениетін тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі педагогикалық тұрғыдағы маңыздысы гностикалық іскерлік. Іскерлік - жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Іскерлік - деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Гностикалық іскерлік шеберлікпен ұштасатын болашақ маманың кәсіби қызметінің ерекшелігіне негізделеді [2].

Сөздік көздерінде «іскерлік» термині мыналарды анықтайды: іс-әрекет етуге тура келетін мақсаттар мен шарттарға сәйкес қызметті тиімді орындау мүмкіндігі; практикалық және теориялық іс-әрекеттер [3]; алынған білім мен дағдылардың жиынтығымен қамтамасыз етілген субъектінің жаттығулар арқылы қалыптасқан және іс-әрекеті таныс емес, сонымен бірге өзгерген жағдайда да орындауға мүмкіндік беретін меңгерген іс-әрекетті орындау әдісі [4]; алған білімдерін тәжірибеде қолдану тәсілдерін меңгеру [5].

Көптеген авторлар іскерлікті кез-келген білімге негізделген және осы білімде нақты мәселелерді шешу үдерісінде дұрыс қолдануға сәйкес келетін, бірақ шеберлік деңгейіне жетпеген жаңа іс-әрекет әдісін игерудің аралық кезеңі ретінде қарастырады. Іскерлік синонимдері көбінесе «ептілік, дағды, шеберлік» деп аталады [6].

Гностикалық іскерлік (грек. gnosis-білім) жалпыға бірдей танылған мағынада бұл-педа-

гогтің білімберу үдерісінің жеке тақырыбын немесе тұтастай алғанда субъектілер тобын, басқа әріптестердің педагогикалық тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік беретін іскерліктер; педагогикалық мәселелерді шешу жолдарын іздеуге бағытталған педагогикалық іс-әрекеттер жүйесі; педагогикалық ақпаратты түсінумен, жүйелеумен және тасымалдаумен байланысты іскерліктері педагогикалық шеберлік болып табылады және оны педагогикалық қызметтің барлық кезеңдерінде қолданады (В.И. Гинецинский, В. К.Елманова, Е. В. Жесткова, С. И. Кисельгоф, Н. В. Кузьмина, И. А. Пшонковская, К. И. Саломатов, С. А. Суворова, О. Н. Щербакова, Б. Г. Уилсон, П. Коул, Дж. Хуот, Дж.У. Шел және т.б.).

Гностикалық іскерліктердің маңызды компоненттерін қарастыруда бұл іскерлік көп функционалды және барлық басқа педагогикалық іскерліктердің негізі болып табылады деп айтуға болады. Гностикалық іскерліктер: ақпарат көздерімен жұмыс істеу; әр түрлі авторлардың көзқарастарын салыстыру; әріптестердің қызметін талдау, педагогикалық жағдайды бағалау; стратегиялық, тактикалық және оқу-тәрбиелік міндеттерді шешудің тиімді жолдарын болжау; кәсіби қызмет саласындағы жаңалықтарды қабылдау; білім беру үдерісінің әдістемелік жабдықталуын таңдау; қорытынды жасау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу; жеке педагогикалық іс-әрекеттің өзін-өзі талдауын жүзеге асыру; өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуді қамтиды. Атап айтқанда, болашақ әлеуметтік педагогтің педагогикалық іскерліктерінің құрылымында гностикалық іскерліктерді негізгі деп санауға болады, өйткені олар психологиялық - педагогикалық міндеттер мен жағдайларды шешудің барлық кезеңдерінде қажет.

Гностикалық іскерліктердің медиакұрылымдық әлеуеті туралы пікірталаста біз «әлеует» ғылыми терминінің мағынасына назар аударамыз («потенциал» лат. *potentia*-қандай да бір салада, қызмет саласында барлық қолда бар мүмкіндіктер, құралдар жиынтығының болуын білдіретін күш, мүмкіндіктер). Басқаша айтқанда – «қосалқы» құралдар

(В.П. Горшенина, С. А. Дрокина, Е. А. Реанович және т. б.). (Е.А. Реанович талданатын терминнің үш құрамдас бөлігіне назар аударады: ресурстарға, резервтерге, мүмкіндіктерге) [7].

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

Медиабілім негізінде болашақ әлеуметтік педагогтің даярлық құрамын анықтауда және гностикалық іскерлігін жетілдіруде жүйелік қатынасты пайдалану қажеттілігі туындайды, себебі зерттеу объектісі жүйе ретінде қарастырылып соның негізінде күрделі нысандардың көптеген түрдегі байланыстары мен мағлұматтары анықталып біртұтас теориялық көрініс жасалынды. Болашақ әлеуметтік педагогтің дайындық жүйесін медиабілім беру үдерісінде құрудың тағыда бір ұстанымы педагогикалық үдеріс компоненттерінің (оқыту мақсаты, оқыту үдерісі және оқыту нәтижесі) мазмұнымен ұштастырылады. Біз өзіміздің зерттеу жұмысымыздың барысында педагогика ғылымында кең түрде қолданылатын дәстүрлі зерттеу әдістері: аналитикалық (ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді талдау, модельдеу, жіктеу, жүйелеу, жалпылау т.б.), диагностикалық (сұрау, сауалнама, жеке және топтық әңгіме, сұхбат, бақылау, тестілеу т.б.), статистикалық (зерттеу нәтижелерін зерделеу, математикалық-статистикалық өңдеу және есептеу, жинақтау, салыстыру) негізінде жүзеге асырылуда.

Зерттеудің нәтижелері және талқылануы

Білім беру-жаңа ұрпаққа тек бұрынғы және қазіргі мәдениетті мұра ету ғана емес, сонымен қатар, әсіресе, бүгінгі күні - оларды болашақ жағдайына даярлау болып саналады. Бұл білімалушылардың белгілі бір ақпаратты қабылдау қабілеті ғана емес, сонымен бірге оларды түсіну, жүйелеу және алынған білімді медиабілім кеңістігіндегі жаңа оқу жағдайына айналдыру қабілетімен байланысты. Болашақ мамандардың негізгі кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін ақпарат көздерін, түрлі медиа және әлеуметтік желілерді пайдалану:

адамдармен білім алушылардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесуі қажет.

Біз жоғарыда көрсетілген анықтамаларға сәйкес және өз тәжірибемізге сүйене отырып болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін жетілдіруде медиабілім әлеуетінің мүмкіндіктеріне төмендегідей анықтама бердік:

Болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін медиабілімнің әлеуеті негізінде жетілдіру-жеке тұлғалық сапаларда жинақталған білім, іскерлік, дағдылардың жиынтығын және әлеуметтік-психологиялық интегративтік білімдерінің негіздерін «медиа» және ақпараттық кеңістіктің өзгеруі жағдайында жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндіктері.

Бұл бізге медиабілім кеңістігіндегі болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскер-

ліктерін жетілдірудегі медиабілім әлеуетін ұсынуға мүмкіндік берді (1-кесте).

Гностикалық іскерліктің медиақұрылымдық әлеуеті медиа кеңістікте дұрыс жұмыс жасай алатын және әртүрлі типтегі медиа ақпаратты ажырата және қабылдай алу іскерліктерінде көрінеді: интернетпен жеке және іскерлік байланыс; білім алушылардың психикалық және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстар жүргізу; психологиялық – педагогикалық міндеттер мен жағдайларды шешуге арналған бейне (YouTube), аудио (Last.fm), блогтар (blog, Web log — оқиғалардың интернет-журналы, интернет-күнделік, фото (Flickr) қолдану; геолокация анықтамалары (Foursquare); өзекті жаңалықтарды оқу және тыңдау (Reddit); берілген тақырып бойынша сұрақтарға қашықтан жауап беру (Answers.com); бетбелгілер жасау (Delicious) және т. б.

1-кесте. Медиабілім кеңістігіндегі болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін жетілдірудегі медиабілім әлеуеті

№	Гностикалық іскерліктер	Медиабілім әлеуеті
1	Медиа кеңістігіне дұрыс бейімделуі және әртүрлі медиа ақпаратты қабылдау және талдау.	Интернет арқылы іскерлік және жеке қарым-қатынас жасау, ауди-бейне және фото құралдарын пайдалану, өзекті жаңалықтарды алу және т. б. мүмкіндіктері.
2	Әлеуметтік желілер мен электрондық құрылғылар арқылы интернетте белсенді жұмыс жасау.	Facebook, Twitter, YouTube әлеуметтік желілері, сондай-ақ блогтар, Wikis, әлеуметтік бетбелгілер мен сайттар арқылы олардың ерекшеліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып кәсіби мақсаттар үшін байланыс.
3	Түрлі компьютерлік техниканы, бағдарламалық байланысты, бұқаралық коммуникация құралдарын және т. б. пайдалану.	Компьютерлік техниканы, байланыс құралдарын, бұқаралық коммуникацияларды және т. б. пайдалану арқылы гностикалық іскерлікті орнату.
4	Гностикалық іскерлікте медiateхнологияны тиімді пайдалану.	Әлеуметтік ақпаратқа қол жеткізуге, медиа-білім беру кеңістігінде өз ақпаратын құруға және таратуға кәсіби қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыру.
5	Өз идеяларыңызды, ақпаратыңыз бен пікірлеріңізді білдіру және таныстыру үшін медианы шығармашылықпен қолдану (Bazalgette С.).	Гностикалық іскерлікке шығармашылық қажеттіліктер мен мүдделерді іске асыру. Медиа контентте шығармашылық ойлауды, тұлғаның мотивациялық-семантикалық және эмоционалды-еріктік қасиеттерін дамыту.
6	Медиа кеңістіктегі оң және теріс ақпаратты талдау және түсіндіру.	Жеке тұлғаның ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде, оның ішінде ұялы байланыс арқылы таратылатын оң ақпаратты қабылдауға ішкі дайындығы.

Гностикалық іскерліктің медиақұрылымдық әлеуеті әлеуметтік желілердің ерекшелігі арқылы интернетпен белсенді жұмыс жасау және әлемдегі ең танымал әлеуметтік желілерді пайдалану қабілетінде көрінеді. Facebook, Twitter микроблогингке негізделген жеңілдетілген әлеуметтік желі, «өмір күн сайын жеделдетіліп, уақыт жетіспейтін қазіргі әлемде» жүзеге асырылады [8]. Whatsapp, Instagram, YouTube әлеуметтік желілерін пайдалану гностикалық іскерліктің медиақұрылымдық әлеуеті тұрғысынан өте маңызды.

Гностикалық сипаттағы болашақ әлеуметтік педагог кәсіби мәтіндік хабарламаларды, суреттерді, бейнелерді, аудио, электронды құжаттарды интернет арқылы жылдам жіберуге мүмкіндік алады. Әлеуметтік желі элементтері бар фотосуреттер мен бейнежазбалармен алмасуға арналған Instagram желісімен жұмыс істеу мүмкіндігін кәсіби мақсатта пайдалану. Бұл болашақ әлеуметтік педагогтің танымдық іс – әрекеті үшін кәсіби маңызды фотосуреттер мен бейнелерді түсіруге, оларға тиісті өңдеулермен талдауларды қолдануға және қажет болған жағдайда оларды өз қызметі немесе басқа әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндік береді.

Болашақ әлеуметтік педагогтердің YouTube желісімен жұмыс жасауда бейнелерді сақтау, жеткізу және көрсету, жүктеу, қарау, бағалау, түсініктеме беру, таңдаулыларға қосу және әріптестермен белгілі бір бейнелерді бөлісу қабілеттерін анықтауға көмектеседі.

Гностикалық іскерліктің медиабілім берудегі әлеуеті–әртүрлі компьютерлік техниканы, бағдарламалық байланыс құралдарын, бұқаралық коммуникацияларды және аталған құралдардың көмегін пайдаланумен сипатталады.

Гностикалық іскерлікте медиатехнологияны тиімді пайдалану мүмкіндігі білім алушылардың әлеуметтік ақпаратқа қол жеткізудегі кәсіби қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруда, медиа-білім беру кеңістігінде өз ақпаратын құру мен тарату әлеуетін жүзеге асырады. Оқу үдерісінің мақсатында тиімді пайдалану, талдау, сыни түсіну және қабылдау қабілеттерін дамытады.

Өз идеяларын, мәліметтері мен пікірлерін білдіру және хабарлау үшін медианы шығармашылықпен қолдана білу (Bazalgette С. [9]) болашақ әлеуметтік педагогтің шығармашылық қажеттіліктері мен мүдделерін гностикалық іскерлігін қанағаттандыруға және жүзеге асыруға бағытталған. Жаңа идеяларды шығаруға мүмкіндік беретін шығармашылық ойлауды дамыту. Олар білім алушыларға ойлау қабілетін тиімді пайдалануға, жалпы, шығармашылық және кәсіби қызметте жаңа идеяларды табуға мүмкіндік береді.

Болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін жетілдіруде медиабілім әлеуетін қарастыруда қазіргі ақпараттық-телекоммуникациялық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру арқылы балалар мен жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәлімгер рөлін орындауға олардың ішкі дайындығын қалыптастыру туралы ұмытпау керек. Медиа кеңістіктегі оң және теріс ақпаратты талдау және түсіндіру, денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін интернет және ұялы байланыс арқылы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде тарату үшін тыйым салынған немесе шектелген ақпаратты таратудың теріс салдарының алдын алу маңызды. Интернет пен ойынға тәуелділікке, балалардың психикасына виртуалды ортаның деструктивті әсерінің алдын алу да негізгі шаралардың бірі.

Болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктеріне қатысты медиабілім әлеуетін қарастыру оның медиа кеңістігіндегі гностикалық сипаттағы әрекеттерді білім алушылардың мақсатты игеруіне әсер ететін құралдар мен медиа құралдар, көздер мен ресурстар ретінде пайдалану мүмкіндігін анықтайды, бұл медианы кәсіби қызметте пайдалануға деген ұмтылысты тудырады.

Болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметіндегі гностикалық іскерліктер медиабілім беру әлеуетінің кәсіби саладағы көптеген педагогикалық міндеттер мен жағдайларды шешуде үлкен мүмкіндіктер береді.

Алайда, бұл әлеуетті іске қосу үшін педагогикалық мамандарды даярлауда медиабілім

беру үдерісінде гностикалық іскерліктерді меңгеруді әртүрлі әдіс-тәсілдер, медиа технологиялар, дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту формалары арқылы жүзеге асыру қажет.

Демек, білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес болашақ әлеуметтік-педагогтің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін тікелей оқу үдерісінде қалыптастыру қарастырылады. Ұсынылып отырған анықтамаларға сәйкес маманды даярлаудың оқу жоспарына негізделген модульдер топтамасымен анықталып, дайындықтың негізін қалайтын басты ұстанымдарды айқындайды. Олар төмендегідей негізгі топқа бөлінген модульдер: жалпы білім беру, кәсіби, педагогикалық-психологиялық, валеологиялық, психофизиологиялық, әлеуметтік-психологиялық, этномәдени, фундаментальді, медиацифрлық, теориялық қолданбалы, практикалық бағдарланған, өзін-өзі тану, басқарушылық, әлеуметтік бағытталған, әлеуметтік-құқықтық, психокоррекциялық, технологиялық қорытынды аттестаттау топтамасымен сипатталады.

Сонымен, білім беру бағдарламасының мазмұнына жүргізілген талдау қорытындысы болашақ әлеуметтік педагогтің даярлық жүйесінің негізінде кәсіби қызметтерінің оқыту; тәрбиелеу; әдістемелік; зерттеу; әлеуметтік-коммуникативтік функциялары қалыптасады деген тұжырым жасауға негіз болды.

Сондықтан медиабілім негізінде ғылыми тұжырымдалған гностикалық іскерлік болашақ әлеуметтік педагогтің өз қызметіндегі түрлі өзгерістерге бейімделуге, оқыту тәсілдері мен әдістерін іскерлікпен ықшамдауға, түрлендіріп пайдалануға, әдістемелік білімдер мен іскерліктерді комбинациялауға және инновациялық әдіс-тәсілдерді икемді пайдалануға мүмкіндік беру медиацифрлық модуль негізінде жүзеге асырылады.

Осы орайда айта кету керек жалпы әлеуметтік педагогика ғылымындағы дайындық саласының өзіне тән іскерлік қызметі жүзеге асырылады. Біз ұсынып отырған болашақ әлеуметтік педагогтің медиабілім үдерісінде даярлау жүйесін құраушы компоненттерінің сипатына сәйкес гностикалық іскерліктерін жетілдірудің бағыттары:

- медиабілім үдерісін теориялық және іс-әрекет тұрғысынан әдістемелік талдау;
- медиабілім беруді ұзақ мерзімдік жоспарлау және оқыту мазмұнын түзіп жасау, оқыту қызметін жоспарлау және дайындау;
- әлеуметтік педагогикалық қызметтерді жоспарлау (мазмұнды іріктеу, оқу ақпаратын рәсімдеу), ұсынудың формасын анықтау;
- білім беру мекемелерінің функционалдық ерекшеліктеріне сәйкес талаптарын қанағаттандыратын, болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін жетілдірудегі медиабілімнің әлеуетін анықтау және жетілдіру;
- медиабілім беру үдерісінде гностикалық іскерліктерді жетілдіру мәселелерін шешуге бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру әдістемесі.

Сондықтанда, зерттеу жұмысымыздың барысында болашақ әлеуметтік педагогтің гностикалық іскерліктерін жетілдіруде төмендегідей әдістерді пайдалануды мақсат еттік. Олар:

- медиабілім беру үдерісіндегі ұғымдардың шынайы мәнділігін нақтылау;
- медиабілім беруді үйлестіру, салыстыру, жүйелеу және жіктеу;
- медиабілім берудің себеп-салдары мен байланысын айқындау;
- медиабілім беру үдерісінің практикада қолданылу мүмкіндігін анықтау.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу кезеңдері қарастырылып, оның мәні төмендегідей мазмұнда құрастырылды. Кез келген теориялық білім іріктелу функциясымен анықталады, олар медиабілім беру қызметінің шынайы фактілерін объективті түрде баяндауға бағдарланған констатациялау кезеңі. Бұл кезең тұрақты эмпирикалық базиске негізделді. Кез келген тәжірибе бір күйден екінші бір жағдайға көшіріліп өзінің нақты нәтижесесін береді деген қате түсінік болар еді, басқаша айтқанда ол мүлдем қолданысқа келмеуі де мүмкін, сондықтан да жаңа жағдайға нақты тәжірибеден алынған пікір немесе идея көшіріледі. Міне осыған сәйкес практикада қолданыс табатын идеяны яғни теориялық білімді анықтап ұсыныс жасай білу керек. Біздің зерттеу мәселесі аясында бұл теориялық білім болжау функ-

циясына сәйкес медиабілім негізінде жүзеге асырылуда.

Қорытынды

Сонымен, медиабілім негізінде теориялық және практикалық білімдерді топтастырып жинақтау негізгі мақсат емес, көтеріліп отырған мәселеде керісінше практиканың кейбір шешілмеген проблемаларынан ғылым қайта практикаға оралуы керек. Болашақ әлеумет-

тік педагогикалық қызметтің негізгі мазмұнды бөлігі медиабілім үдерісі деңгейіне ықпал ететін гностикалық іскерліктерді жетілдіру деп қабылдаймыз.

Олай болса, болашақ әлеуметтік педагогтың медиакеңістікте өзін-өзі еркін жүзеге асыруы, өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамытуында барлық мүмкіндіктерге ие болуы үшін медиабілім әлеуетін ескеру маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz> (қаралған күні: 08.05.2021).
2. Целых М.П. Социальные медиа и образование специалистов социально-педагогической сферы. // Медиаобразование.-2017.-№ 2. - С. 152-169.
3. Российская педагогическая энциклопедия. В 4-х томах / Гл. ред. В.В.Давыдов. -М.: Большая Российская энциклопедия, 1998.- 672 с.
4. Современный словарь по педагогике. / Под редакцией. Е.С. Рапацевича. Минск, 2001.-804 с.
5. Новиков А.М. Педагогика: словарь системы основных понятий. - М.: Издательский центр ИЭТ, 2013.-268 с.
6. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. - М.: Издательский центр «Академия», 2000.-176 с.
7. Реанович Е.А. Смысловые значения понятия «потенциал». // Международный научно исследовательский журнал. - 2018. - №7. - С.14 – 15.
8. Селезнёв Р.С., Скрипак Е.И. Социальные сети как феномен информационного общества и специфика социальных связей в их среде // Вестник Кемеровского государственного университета. - 2013. - С.52-54.
9. Bazalgette C. Making Movies Matter - Seven Years On. London, BFI. 2012.-96 p.

References

1. Kazakstan Respublikasynda «Cifrlık Kazakstan» memlekettik bagdarlamasy [State program of the Republic of Kazakhstan «Digital Kazakhstan»] [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 7.05.2021).
2. Celyh M.P. Social'nye media i obrazovanie specialistov social'no-pedagogicheskoy sfery [Social media and education of specialists in the social and pedagogical sphere], Mediaoobrazovanie [Media education], 2, 152-169 (2017).
3. Rossijskaja pedagogicheskaja jenciklopedija [Russian pedagogical encyclopedia]. In 2 volumes. Ed. V.V. Davydov (Great Russian Encyclopedia, Moscow, 1998, 672 p.).
4. Sovremennyyj slovar' po pedagogike [Modern Dictionary of Pedagogy] Edited by E.S. Rapatsevich. (Minsk, 2001, 804 p.).
5. Novikov A.M. Pedagogika: slovar sistemy osnovnyh ponjati [Pedagogy: dictionary of the system of basic concepts.] (IET Publishing Center, Moscow 2013, 268 p.).
6. Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.J. Pedagogicheskij slovar [Pedagogical dictionary] (Publishing center «Academy», Moscow, 2000, 176 p.).

7. Reanovich E.A. Smyslovye znachenija ponjatija potencial [Semantic meanings of the concept of potential.] *Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal* [International Research Journal], 7, 14–15 (2018).
8. Seleznev R. S., Skripak E. I. Social'nye seti kak fenomen informacionnogo obshchestva i specifika social'nyh svyazey v ih srede [Social networks as a phenomenon of the information society and the specifics of social connections in their environment], *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta* [Bulletin of Kemerovo State University], 3, 52–54 (2013).
9. Bazalgette C. *Making Movies Matter - Seven Years On* (BFI, London, 2012, 96 p.).

П.Б. Сейтказы, М.А. Тавасаров

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Медиаобразовательный потенциал в совершенствовании гностических умений будущих социальных педагогов

Аннотация. Процесс подготовки будущего социального педагога предполагает всестороннее содержательное и процессуальное решение проблем. Образовательные программы специальностей, подготовленные в соответствии с государственными стандартами подготовки педагогических кадров нового содержания, предполагают наличие у будущего социального педагога высоких умений в своей области. В связи с этим в процессе медиаобразования возникает необходимость совершенствования гностических умений будущего социального педагога вести содержательную подготовку на продуктивном уровне. При формировании личности будущего специалиста необходимо учитывать создание условий для развития и профессиональной личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, в условиях медиаобразования необходимо шире рассматривать новые парадигмальные подходы и методы совершенствования гностических умений будущего специалиста. В том числе особое внимание должно быть уделено реализации новых целей медиаобразования, достигающих определенного уровня развития личности и общества в целом. Следовательно, нужно обосновать необходимость использования потенциала медиаобразования в совершенствовании гностических умений в профессиональной деятельности будущего социального педагога.

В данной статье дается содержательное описание важнейших компонентов гностических умений и потенциала медиаобразования в медиа-контексте в зависимости от специфики деятельности будущего социального педагога. Мир медиа предоставляет пользователям неограниченные возможности для активного участия в медиaprостранстве.

Ключевые слова: медиаобразование, гностические умения, медиаобразовательный потенциал, будущие социальные педагоги.

P.B. Seitkazy, M.A. Tavasarov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Media education potential in improving the gnostic skills of future social educators

Abstract. The process of preparing a future social teacher involves a comprehensive substantive and procedural solution to problems. The educational programs of the specialties prepared in accordance with the state standards for the training of teachers of new content assume that the future social teacher has high skills in his field. In this regard, in the process of media education, there is a need to improve the gnostic skills of the future social teacher to conduct meaningful training at a productive level. When forming the personality of the future specialist, it is necessary to take into account the creation of conditions for the development and professional maturity of the individual based on national and universal values, in the context of media education, it is necessary to consider more widely new paradigmatic approaches and methods for improving the gnostic skills of the future specialist. In particular, special attention should be paid to the implementation of new goals of media education that reach a certain level of development of the individual and society as a whole.

Therefore, to justify the need to use gnostic skills in the potential of media education in the professional activity of the future social pedagogue.

The article provides a meaningful description of the most important components of gnostic skills and the potential of media education in the media context, depending on the specifics of the future social pedagogue. The world of media provides users with unlimited opportunities for active participation in the media space.

Keywords: media education, gnostic skills, media educational potential, future social educators

Авторлар туралы мәлімет:

Тавасаров М.А. – корреспонденция үшін автор, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сейітказы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Tavasarov M.A. – Corresponding author, Ph.D. student, Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Seitkazy P.B. – Professor, Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.